

**Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта
жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу жөніндегі НҰСҚАУ**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Төрағасы 1996 жылғы 13 тамыздағы N 161-П Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 16 қыркүйекте N 201 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

I. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

I.1. Осы нұсқауда: "халықаралық почта жөнелтілімдері" - Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін, кедендік бақылауға жататын заттары бар почта жіберілімдері, ұсақ орама сауқаттары, заттары, баспалық өнімдерімен "М" арнайы мүшектері, құндылығы жарияланған хаттар, "EMS" халықаралық жеделдетілген почта жөнелтілімдері, секограммалар;

"тұлғалар" - кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, сонымен қатар жеке тұлғалар;

"сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар болып табылатын тұлғалар" - меншіктілік нысанына, бағыныштылығына және тіркелген орнына қарамастан өз атауы бар, бірақ заңды тұлға мәртебесі жоқ азаматтар немесе заңды тұлғалардың бірлестіктері, жеке (жанұялық) өзіндік кәсіпорындар Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізетін, заңды тұлға құралымынсыз кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалар;

"халықаралық почта айналымының орны" - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Республикалық мемлекеттік почта байланысы кәсіпорынының түсетін және жөнелтілетін халықаралық почта жөнелтілімдерді толық өңдеуді, сонымен қатар бұл арада Қазақстан Республикасы Орталық кеден органымен келісіп, оларды керекті жерлеріне жөнелтуді жүзеге асыратын почтамттары, почта байланысының кәсіпорындары дегенді білдіреді.

I.2. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тұлғалардың тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізуінің тәртібі республиканың кеден заңдарымен, сонымен қатар осы Нұсқаумен белгіленген талаптар сақтала отырып, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

I.3. Осы Нұсқаудың I.1. тармағында көрсетілген халықаралық почта жөнелтілімдерімен кеден мақсаттары, кедендік тексеру (рентген бақылауын қоса)

үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді тексеру жолымен және Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген басқа да нысандармен Қазақстан Республикасы кеден органдары лауазымды адамдарының жүргізетін кедендік бақылауына жатады.

I.4. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тұлғалардың мәдени құндылықтарды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізуі Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі жасаған мәдени құндылықтарды әкету және әкелу Ережелеріне сәйкес оларды әкетуге құқық рұқсаттың негізінде және Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген кеден төлемдерін төлей отырып жүзеге асырылады.

I.5. Осы Нұсқаудың N 1 қосымшасында аталған тауарларды Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізуіне тиым салынған.

I.6. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы және тұлғалардың тауарлардың жеке түрлерін халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізуіне өзге мемлекеттік органдардың:

а) өсімдіктерді, өсімдіктен шыққан өнімдерді - фитосанитарлық бақылау органдарының;

б) жануарларды, жануардан шыққан өнімдерді - малдәрігерлік қадағалау органдарының;

в) радиоэлектронды құралдарды жеке жоғары жиіліктегі қондырғыларды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі органдарының;

г) Қазақстан Республикасы аумағында тіркелмеген дәрілік құралдарды (Қазақстан Республикасына өткізетін кезде) - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі органдарының рұқсатымен жол беріледі.

I.7. Тарихи, көркемдік, ғылыми немесе өзге де мәдени құндылыққа ие заттарды өткізу тәртібі жеке Ережелермен анықталып отыр.

Дыбыс жазу, бейне жазу және ЭВМ-ге ақпарат жазу заттарын шығару кедендік бақылаудың техникалық құралдарын қолдана отырып, тиісті кедендік бақылаудан соң жүзеге асырылады. ЭВМ және операциялық жүйе пайдаланып толтырылған ақпарат жазу заттары олар жөніндегі жөнелтушінің мәліметтері бар жағдайында өткізіледі. Олар болмаса және ЭВМ ақпарат жазу заттарын анықтап ажырату мүмкіндігі жоқ болса, Кеден бастығының рұқсатымен халықаралық почта жөнелтілімін жөнелтушіге қайтаруға құқылы.

I.8. Қазақ болғандардың денесін кедендік ресімдеу медицина мекемелерінің санитарлық куәліктерінің бар кезінде жүргізіледі. Дене Қазақстан Республикасы елшілігі өкілінің не Қазақстан Республикасы консулдық мекемелері өкілдерінің қатысып отыруымен мөртаңба немесе мөр салынған урналарда болуы тиіс.

Жергілікті өкімет органдары мен консулдық мекемелер тасымалдаушыларға кеден органдары үшін урналарда бөгде заттардың жоқ екені туралы анықтамалар б е р е д і .

І.9. Мемлекеттік наградалар (ордендер, медальдер, белгілер, есімі жазылған заттар) меншіктілік құқығын растайтын, марапатталуы туралы құжаттар бойынша кеден төлемдері төленбей өткізіледі.

Қаза болғандардың мемлекеттік наградалары мен марапатталуы туралы құжаттары Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес оларды иемденуі мүмкін адамдардың кеден төлемдерін төлеуінсіз-ақ өткізіледі.

II. КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУ

II.1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін барлық заттар кедендік бақылауға жатады. Аталған заттар Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес ол басталған сәттен аяқталғанға дейін кедендік бақылауда болады.

Қазақстан Республикасы аумағына заттарды халықаралық почта жөнелтілімдерімен әкелу кезінде кедендік бақылау халықаралық почта жөнелтілімінің Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін сәтінен басталып, заттарды шығару сәтімен аяқталады.

Заттарды Қазақстан Республикасы шекарасы арқылы сыртқа әкету кезінде кедендік бақылау почта байланысы кәсіпорнының халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін заттарды халықаралық почта айналымы жерлеріндегі кеден органына көрсететін сәттен басталады және Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өтетін сәтте аяқталады.

II.2. Шекаралық кеденнің қолданған кедендік қамсыздандыруымен ілеспе құжаттарымен бірге почта байланысының халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізетін заттары халықаралық почта айналымы жерлеріне жеткізілуі тиіс. Ілеспе құжаттарының, ф. CN-37 (жер үстіндегі көлікпен жеткізілген почтаға) немесе ф7 CN-38 (әуе көлігімен) почталық құжаттарының барлық даналарына шекаралық кеден органының лауазымды адамы оның жеке нөмірлік мөрімен куәлендіретін кеден жай мөртаңбасын (N 2-3) қояды.

Аталған жөнелтілімдер тиелетін орындардағы кеден органдарының қызметкері кедендік қамсыздандыруды атқарады, бұл туралы почталық жүк құжаттарына да инспектордың жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген белгісі қойылады. Почталық жүк құжаттарын байланыс қызметкерлері 5 данадан толтырады. Бір данасы қамсыздандыру шарасын атқарған кеденнің іс қағаздарында қалады. Халықаралық почта айналымы жеріне халықаралық почта мен көлік келген кезінде кеден қызметкері байланыс қызметкерлерінің қатысып отыруымен қорғасын мөртаңбаны (кедендік қамсыздандыруды) алады және почталық жүк құжаттарының барлық түскен даналарына аталған лауазымды

кәсіпорны жасаған акті тіркеліп, кедендік тексеруге ұсынылады.

Шет елдерден түскен почта жөнелтілімдерін кедендік тексеру барысында анықталған салмаққа қатысты ауытқушылықтарға және басқа да кемшіліктерге байланыс кәсіпорны қызметкерлері N 5 нысанындағы актіні (N 7 қосымша) екі данада жасайды. Актінің бір данасы почта жөнелтімінің ішіне салынады, екінші данасы байланыс кәсіпорнында қалады.

II.7. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес кеден төлемдері салынады.

II.7.1. Өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналмаған халықаралық почта жөнелтілімдерін өткізу кезінде жеке тұлғалардың халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізетін жалпы құны 200 АҚШ долларына дейінгі тауарларды жөнелту мен алуға құқысы бар.

II.7.2. Жеке тұлғалардың осы сомадан артатын халықаралық почта жөнелтілімі тауарлардың кедендік құнының 30% көлемінде бірыңғай ставка бойынша кеден төлемдерін есептей отырып ресімделінеді.

II.7.3. Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар болып табылатын тұлғалар халықаралық почта жөнелтілімдерімен тауарларды салық салуды тарифтік және тарифтік емес реттеудің жалпы тәртібі мен шарттарына сәйкес кеден төлемдерін төлеп, өткізе алады.

II.7.4. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен тауарларды өткізетін жеке тұлғалардың құндық және сандық квоталардың жоғарғы шектерін асырып жіберетін жағдайларында осындай асырудың бөлігінде сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға көзделген салық салу мен кедендік ресімдеуді тарифтік және тарифтік емес реттеудің жалпы тәртібі мен шарттары және тұлғалардың осы санаты үшін осы Нұсқауда көзделген кедендік ресімдеудің ерекшеліктері қолданылады.

II.7.5. Қазақстан Республикасының кеден органдары тауарлардың өндірістік немесе өзге де коммерциялық қызметке арналуын жалпыға бірдей қабылданған халықаралық нормалар мен практикаға сәйкес тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберудің сипатын, соны мен жиілігін ескере отырып анықтайды.

II.8. Қазақстан Республикасы кеден аумағына халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі:

II.8.1. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу "Р" аппаратурасы көмегімен жүзеге асырылатын кедендік тексеруден басталады, қажет жағдайда тексеру үстеліндегі орауды байланыс операторларының ашуы арқылы көзбен тексеру жолымен және кеден инспекторына салуды ұсыну жолымен жүзеге асырылады. "Р" қондырғысына

орама сауқаттарын жіберуді байланыс операторлары жүргізеді.

Жеке және заңды тұлғалардың тапсырыстары бойынша өткізілетін тауарларды контрабанданы өткізуге негізделген күмәнді жағдайларды қоспағанда кеден қызметкерлері фирмалық сыртқы қабығын бүлдірмей (Посылторг жүйесімен) тексереді.

II.8.2. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға кеден төлемдері есептелмейтін болса, онда халықаралық почта айналымы орнында орналасқан кеден органының лауазымды адамы шығару туралы шешім қабылдайды және С2\СР3 нысанындағы кеден декларациясында жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген кедендік жай мөртаңбаны қояды және ілеспе құжаттармен бірге халықаралық почта жөнелтілімін иесіне табыс ету үшін халықаралық почта айналымы орнының қызметкеріне береді.

II.8.3. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға кеден төлемдері есептелетін болса, онда халықаралық почта айналымы орнында орналасқан кеден органының лауазымды адамы осы почта жөнелтілімін ұстауға заттардың атауларын, ерекше қасиеттерін, есептелген төлемдерінің мөлшерін құны мен сомасын көрсетіп, Т-15 нысанындағы тексеруге қол қойғызу қағазын (N 8 қосымша) екі данада жасайды. Сонан соң осы лауазымды адам шығару туралы шешім қабылдайды және халықаралық почта жөнелтілімінің сыртына, Т-15 нысанындағы тексеруге қол қойғызу қағазының барлық даналарына, инспектордың жеке нөмірлік мөрімен куәлендіруге С2\СР3 нысанындағы кеден декларациясына кедендік жай мөртаңбаларын қояды.

Тексеруге қол қойғызу қағазының бірінші данасы халықаралық почта айналымының орны орналасқан кеден органында қалады, одан кейін 3 жыл мерзімге шығару туралы шешім қабылдаған бөлімшенің архивіне сақталуға беріледі. Халықаралық почта жөнелтілімімен бірге Тексеруге қол қойғызу қағазының екінші данасы иесіне табыс ету үшін почта айналымының орны орналасқан жердегі байланыс кәсіпорнына беріледі.

Бұдан басқа байланыс кәсіпорнына халықаралық почта айналымы байланыс кәсіпорындарының бухгалтериясының дебиторлық жазуды жазуы және Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес тиесілі кеден төлемдері мен салықтарының бюджет кірісіне одан әрі түсуіне бақылау жасау үшін тексеруге қол қойғызу қағазының бірінші данасының жыртылмалы талоны беріледі.

Ресімделінген тексеруге қол қойғызу қағазының негізінде байланыс кәсіпорындарының қызметкерлері тексеруге қол қойғызу қағазының екінші данасымен бірге почта жөнелтілімінің сыртына немесе ілеспе мекен-жайға қоса берік тіркелетін есептелген төлемдердің сомасына 113 нысанындағы кеден төлемі почталық аударылымының бланкісін толтырады. Одан соң халықаралық почта айналымы орындарының байланыс кәсіпорны халықаралық почта

жөнелтілімдерін иесіне салып жібереді.

II.9. Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеудің тәртібі.

II.9.1. Кедендік ресімдеу байланыс кәсіпорындары қызметкерлері халықаралық почта жөнелтілімдерін және олардың С-37 нысанындағы жүк құжаттарына қоса тіркеулерді алдын ала сұрыптауды жүргізгеннен кейін б а с т а л а д ы .

II.9.2. Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес декларацияланған халықаралық почта жөнелтілімдерімен жіберуге тиым салынған заттар жөнелтушіге қайтарылуы мүмкін. Ілеспе құжаты мен С2\СРЗ нысанындағы кеден декларациясында тиісті үлгідегі кедендік жай мөртаңба қойылады. CN-37 нысанындағы жүк құжаттарында сондай-ақ нақты халықаралық почта жөнелтілімін қайтару жөніндегі белгі жасалынады. Жүк құжатындағы кедендік жай мөртаңба мен жазу шешім қабылдаған кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендіріледі.

II.9.3. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу II.8.1. тармағында көрсетілген тәртіптерге сәйкес жүзеге асырылады.

II.9.4. Аралас қызметтердің (карантиндік, мал дәрігерлік бақылау, контрабанда мен кеден ережелерін бұзумен күрес бөлімі) бақылауына жататын тауарларды кедендік ресімдеу шығару туралы шешім үшін аталған бақылауға ұсынылады, бұл жөнінде ілеспе құжатында кеден органы лауазымды адамының тиісті белгісі жасалынады.

II.9.5. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға кеден төлемдері есептелмейтін болса, онда халықаралық почта айналымы орнында орналасқан кеден органының лауазымды адамы шығару туралы шешім қабылдайды және С2\CN-37 немесе CN-38 нысанындағы және ф-16 нысанындағы жүк құжаттарының барлық даналарында жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген кедендік жай мөртаңбаны қояды. Одан кейін халықаралық почта жөнелтілімі келешекте шет елге жөнелту үшін халықаралық почта айналымы орнындағы байланыс кәсіпорнына беріледі.

II.9.6. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға кеден төлемдері есептелетін болса, онда халықаралық почта айналымы орнында орналасқан кеден органының лауазымды адамы С2\СРЗ нысанындағы кеден декларациясының деректерін қызметі аймағында халықаралық почта айналымы орны орналасқан кеден органы лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен куәлендірілген кеден төлемдерін төлеу туралы белгі жасалынуы тиіс кедендік кіріс ордерінің бірінші данасының деректерімен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Кеден төлемдерін есептеу кезінде қателер жіберілсе, халықаралық почта

жөнелтілімі қайта есептеуді жүргізу мен кеден төлемдері мен салықтарды төлеу үшін халықаралық почта айналымы орнына қайтарылады.

II.10. Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарлардың кедендік құнын анықтау тәртібі:

II.10.1. Халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауардың кедендік құнын анықтауға жөнелтушінің С2\СР3 нысанындағы кеден декларациясында көрсеткен нақты тауардың (жарияланған құндылық) құны болып табылады.

II.10.2. С2/СР3 нысанындағы кеден декларациясында нақты тауардың құны туралы жазба жоқ болатын, сонымен қатар мәлімделінген құн осындай тауарлардың бөлшек саудасын жүзеге асыратын анағұрлым әйгілі фирмалардың каталогында көрсетілген деректерден 30 процент ерекшеленетін жағдайда кеден органының лауазымды адамы тауар құнын өз бетінше белгілейді.

II.10.3. Белгіленген тауар құнымен келіспеген жағдайда кеден төлемдерін төлеуге жауапты тұлға кедендік ресімдеуді жүргізген және халықаралық почта айналымы орны орналасқан кеден органына нақты тауар құнын растайтын құжаттарды (келісім шарттар, чектер, шот-фактуралар ж.т.б.) ұсынуға құқылы.

III. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПОЧТА ЖӨНЕЛТІЛІМДЕРІМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН ТАУАРДЫ КЕДЕНДІК РЕСІМДЕУ ҮШІН КЕДЕН ТӨЛЕМДЕРІН ЕСЕПТЕУ МЕН АЛУ ТӘРТІБІ

III.1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен коммерциялық емес мақсатта өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу үшін алымдар тұлға Қазақстан Республикасы кеден аумағы арқылы немесе Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары жалпы сомасы 200 АҚШ доллары тұратын тауарларды өткізетін жағдайда есептелінеді.

III.2. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізетін тауарларды кедендік ресімдеу үшін алымдар тауарлардың кедендік құнының 0,2 проценті мөлшерінде алынады.

III.3. Кеден бажы, қосымша құнға салық пен акциздер Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен тауарларды өткізетін тұлғалардан (тауарларды жеңілдетілген тәртіппен өткізетін жеке тұлғаларды қоспағанда) Президенттің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлығының, Қазақстан Республикасы Президентінің "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Жарлығының, сондай-ақ басқа заңды актілер мен тиісті кедендік қалыпты құжаттарының ережелеріне сәйкес алынады.

IV. КЕДЕН ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУДІҢ ТӘРТІБІ

IV.1. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға қатысты кеден төлемдерін төлеу

тәртібі осы Нұсқаудың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады, ал онымен реттелмеген бөлігінде Қазақстан Республикасының кеден төлемдерін төлеуді реттейтін заң актілерімен жүзеге асырылады.

ІҮ.1.1. Кеден төлемдерін төлеу осы Нұсқаудың II.8.3. тармағында көрсетілген 113 нысанындағы почта аударылымының бланкісінде қойылған сомада халықаралық почта жөнелтілімдерін алатындар тұратын (орналасатын) байланыс кәсіпорындарында жүргізіледі. Почта аударылымының жоғары бөлігі төлемдерді қабылдаған байланыс кәсіпорнында қалады, аудару төлемінің почта аударылымының талоны тексеруге қол қойғызу қағазына қоса тіркеледі және кеден төлемдерінің алынуына бақылау жасайтын халықаралық почта айналымы орнына 24 сағат ішінде салынып жіберіледі, одан соң аталған кеден органы шотына кеден төлемдерін аудару мен түсуіне бақылау және одан кейін сақтау үшін кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органы бухгалтерлік бөліміне беріледі. Есеп айырысу шоттары N 9 қосымшада көрсетіледі.

ІҮ.1.2. Кедендік ресімдеуді жүргізген кеден органының шотына кеден төлемдерін аударуды байланыс кәсіпорындары екі аптада бір рет жүргізеді.

ІҮ.1.3. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға қатысты кеден төлемдерін төлеу алушыға халықаралық почта жөнелтілімін беретін сәтке дейін жүргізіледі.

ІҮ.2. Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға қатысты кеден төлемдерін төлеудің т ә р т і б і :

ІҮ.2.1. Қазақстан Республикасы кеден аумағынан тысқары халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізілетін тауарларға қатысты кеден төлемдерін төлеу байланыс кәсіпорнының халықаралық почта жөнелтілімін жіберуге қабылдаған с ә т і н е д е й і н жү р г і з і л е д і .

ІҮ.2.2. Кеден төлемдерін төлеу қызметі аймағында халықаралық почта жөнелтілімін жөнелтуші тұратын (орналасатын) кеден органында жүргізіледі.

Коммерциялық емес мақсатта өткізілетін тауарлар C2\CP3 нысанындағы декларация және тауарларды өткізетін тұлғаның осы Нұсқаудың N 10 қосымшасында келтірілген нысанда жасалған өтініші бойынша төлеуге жатады.

Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау мақсатындағы мұндай өтініш кеден декларациясы ретінде қаралады.

ІҮ.2.3. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізетін тауарлары Қазақстан Республикасы орталық кеден органының арнайы қалыпты актілерімен белгіленген тәртіппен декларациялауға ж ә н е т ө л е у г е ж а т а д ы .

ІҮ.4. Кеден төлемдерін Президенттің "Қазақстан Республикасындағы кеден

ісі туралы" Жарлығында өзгеше қаралмаса, декларант не кез келген мүдделі тұлға төлейді.

ІҮ.5. Кеден төлемдері мен салықтарды төлемегені үшін декларант, ал оның жоқ кезінде Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен тауарларды өткізетін тұлға жауапкершілікте болады.

Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы тауарларды халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізетін тұлғалардың кеден төлемдерін төлемеуі туралы фактілер анықталатын кезде анықтаудың уақытына байланыссыз төленбеген сома даусыз тәртіппен, сот тәртібімен өндіріліп алынады.

Ү. КЕДЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Кедендік бақылаудан жасырын салып жіберілетін заттар контрабанда делініп қаралады және Қазақстан Республикасы кеден заңдарына сәйкес жауапкершілікке әкеліп соғады.

Кеден декларациясында көрсетілмеген немесе өз атауымен көрсетілмеген, халықаралық почта жөнелтілімдерімен әкелуге және әкетуге тиым салынған заттар кеден ережелерін бұзу туралы хаттама бойынша ұсталынады және Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес тәргілеуге жатады. Кеден ережелерін бұзу туралы хаттаманың бір данасы алушы үшін халықаралық почта жөнелтіліміне салынады. Кеден ережелерін бұзу туралы хаттаманың көшірмесі кедендік тексеру

жүргізілген халықаралық почта айналымы орнының байланыс кәсіпорнына беріледі.

ҮІ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПОЧТА ЖӨНЕЛТІЛІМДЕРІ БОЙЫНША КЕДЕН БАЖЫН НЕМЕСЕ МАТЕРИАЛДЫҚ ШАҒЫМДАРДЫ ЕСЕПТЕУ ЖӨНІНДЕ ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ

Почта жөнелтілімдері бойынша азаматтар, мекемелер мен ұйымдардың өтініштері:

- материалдық шағымдар бойынша байланыс кәсіпорындары;
- есептелінген кеден бажы және тәргіленген заттар бойынша кеден органдары қарайды.

№ 1 қосымша

Жеке тұлғаларға жататын және Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы халықаралық почта жөнелтілімдерімен өткізуге тиым салынған тауарлардың ТІЗБЕСІ

1. Есірткі, жүйке улағыш, улы заттар.
2. Мазмұны бойынша мемлекеттің қоғамдық тәртібіне, ізгілігіне және азаматтардың мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін ақпарат жазылатын не түсірілетін нәрселер (баспасөз шығармалары, бейнетындату материалдары,

суретпен бейнелеу материалдары ж.т.б.).

3. Қару-жарақ және әскери техника, оларды әзірлеу үшін жинақтаушы арнайы бұйымдар, қалыпты техникалық құжаттама және әскери мәндегі өнімдер.

4. Оқ-дәрі, жарылғыш заттар, жару және пиротехника құралдары.

5. Ядролық материалдар, технологиялар, құрал-жабдықтар мен кондырғылар, арнайы ядролық емес материалдар, радиоактивті қалдықтарды қосқандағы радиоактивті сәулелендіру көздері.

6. Аса бағалы металдар, қорытпалары, рудалар, концентраттар, аса бағалы металдардың қалдықтары янтарь (тек Қазақстаннан әкету кезінде ғана).

7. Аса бағалы тастар, қалдықтар, ұнтақтар және аса бағалы табиғи металдардың қайта пайдаланылатындары, інжу, янтарь (тек ҚР-сынан әкету кезінде ғана) .

8. Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы нумизматиматикалық мақсатта өткізілетін ақшалай белгілерді қоспағанда кез келген шет елдік және ұлттық валюта .

9. Маралдар мен бөкендердің мүйіздері, тұяқтары мен пантылары.

10. Бекіре мен қызыл балықтың уылдырығы (тек ҚР-сынан әкету кезінде ғана)

11. Қазақстан Республикасы аумағында және континентальдық жағалау, экономикалық теңіз аймағы шегінде орналасқан отын-энергетикалық және минералдық шикізат аудандары мен кеніштері бойынша жер байлықтары жөніндегі ақпарат .

12. Анықтап ажырату құралдары (анықтап ажырату техникасын, анықтап ажырату техникасының бөлшектерін және анықтап ажырату үшін бағдармалар пакеттерін қоса), анықтап ажырату құралдарына қалыпты техникалық құжаттама (конструкторлық және пайдалану).

13. Сирек кездесетін, жер қабатындағы сирек металдар, өндіру үшін шикізаттар, қорытпалар, қосындылары мен бұйымдар.

14. Өнеркәсіп қалдықтары .

15. Әскери билеттердің, жеке бас куәліктерінің түпнұсқалары және көшірмелері.

№ 2 қосымша

РҚАО-ның ескертуі: Қосымшаны қағаз мәтіннен қараңыз.

№ 3 қосымша

Жыл	іОрама	іҚай	іСал.	іҚұн.	іКеден	іБелгілер
басынан	ісауқат	іжерге,	імағы	ідылы	ібаждары	і үшін
бергі	іберген	іқашан	і	іғы	іқұны	і
реттік	іжер мен	іжібе.	і	і	і	і-----і

(жалпы) іN ірілді і і і сом ітиынi
N і і і і і і і і

-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----
-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----і-----

N 4 қосымша

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Көлік және

байланыс

министрлігі

199 ж " " "

**Кеденге тексеруге ұсынылатын орама сауықтардың
ТІЗБЕСІ**

Ж а л п ы N N
Қ а р а п т е к с е р г е н д е р :

Кеден инспекторы:

Т а р а з ы ш ы :

Орап-түюші:

Қосып жазған: _____

Тексерген: _____

N 5 қосымша

Берген ІЛЕСПЕ МЕКЕН ЖАЙЫ Орама CP7 және CP6 CP7 маркасы
сауқат жарлық қа. (Оң жақ беті)

тардың ғаздары
нөмірі нөмірі

іЖөнелтушінің аты-жөніі
імен мекен-жайы і-----
і-----іЖолының бағыты
іЖіберілген елін қоса і-----
іалушының аты-жөні меніАйырбас мекемесі
і толық мекен - ж а й ы і
і-----
іЖарияланған құндылық іЖарияланған құндылық

і ж а з у м е н	ц и ф р л а р м е н	і ф р . д о л .
і-----і		
і С а л ы н ғ а н	т ө л е м н і ң	і
і с о м а с ы	ж а з у м е н	і
і ц и ф р л а р м е н		і
і-----і		
і А ғ ы м д ы қ	п о ч т а	ш о т ы н ы ң і К е д е н
і N	ч е к т і к	м е к е м е
і		і
і		і
і ш т е м п е л і		
і-----і		
і А ғ ы м д ы қ	п о ч т а	ш о т ы н ы ң і К е д е н
і и е с і		і а л ы м д а р
і-----і		
і С а н ы	і	Б р у т т о
і-----і		с а л м а ғ ы
і	і О р а м а	і
і	і с а у қ а т і	і
і	і т а р	і
і-----і		
і		і к у ә л і к і
і		і ф а к т у
і	і р а	і
і-----і		
і		і К е д е н
і		і д е к л а
і		і р а ц и я .
і		

і Жәшік, пакет, картон қорап

Почталық әкімшілік

(Оң жақ беті)

CP2/CP3 КЕДЕН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ

- - - - -

і(1) Жөнелтушінің атауы мен і(2) Қажет кезінде жөнелтушінің
і мекен-жайы і жөнелтетін нөмірі көрсетілсін

і(3) Жіберілген елін қоса і(4) Егер әңгіме
і алушының атауы мен толық і---!сыйлық ---!тауар үлгісі
і мекен-жайы і---! ---!

$$3 \quad i \quad i \quad i \quad i \quad i$$

і і і і і і-----
 -----і
 Бажды есептеген инспектор
 (қолы анық жазылсын)

№ 9 Қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША КЕДЕН БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШОТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

Атауы	Банк	МФО	ағымдық	депоз.	негізгі
1 Ақмола	Ұлт.банк	195301113	141661	144914	70120748
2 Ақтөбе	Ұлт.банк	190301107	141783	144816	70120844
3 Алматы	Ұлт.банк	190504104	141834	144802	70121321
қ а л .					
4 Атырау	Ұлт.банк	191201104	141135	144501	70120607
5 Шығ.Қаз.	Ұлт.банк	190901104	141672	144941	70120209
Ө с к е м е н					
6 Жамбыл	Ұлт.банк	191401108	141874	144907	00120646
7 Жезқазған	Ұлт.банк	191601103	141235	144106	70120642
8 Бат.Қаз.	Ұлт.банк	194901105	141860	144003	70120073
О р а л					
9 Қарағанды	Ұлт.банк	191801107	141819	144719	70120873
10 Қызылорда	Ұлт.банк	192101108	141861	144211	70120760
11 Көкшетау	Ұлт.банк	192401103	141840	144407	70120231
12 Қостанай	Ұлт.банк	192701105	141860	144210	70120167
13 Маңғыстау	Ұлт.банк	192901104	141643	144611	70120432
А қ т а у					
14 Павлодар	Ұлт.банк	193201105	141763	144511	70120963
15 Сол.Қаз.	Ұлт.банк	193601104	141268	144608	70120733
П е т р о п а в л о в с к					
16 Семей	Ұлт.банк	193801107	141796	144311	70120394
17 Талдықорған	Ұлт.банк	194101112	141350	144807	00120630
18 Торғай	Ұлт.банк	194401106	141045	144107	70120261
19 Оң.Қаз.	Ұлт.банк	195801113	141263	144817	70120874
Ш ы м к е н т					
20 Астана	Ұлт.банк	190501109	1141142	144522	70121216
Б а с Г А Т У					
Р К Ц					
21 Қорғас	Ұлт.банк	194109141	141525	144302	70120806

				е с е п . о р т .	
				Ж ә р к е н т	
22 Достық	Ұлт.банк	194112144	141827	144002	00120204
				Ү ш а р а л	
23 Бақты	Ұлт.банк	193811111	141463	144402	70120906
24 Майқапшағай	Ұлт.банк	190902117	141119	144802	70120102
				З а й с а н	
25 Ленинск	Ұлт.банк	192201111	141719	144703	70120113
Қызылорда					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ІШЖҚ РМК